

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаржат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 желтоқсан N 1874

Ә.Молдағұлова мен М.Мәметованың ескерткішін орнатқаны үшін авторлар алдындағы берешекті өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы

е т е д і :

1. Ә.Молдағұлова мен М.Мәметованың ескерткішін орнатқаны үшін авторлар алдындағы берешектерді өтеуге, 2000 жылға арналған республикалық бюджетте Z990473\_ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Алматы қаласының әкіміне 9 700 000 (тоғыз миллион жеті жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада

белгіленген тәртіппен бөлінген қаржаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырысын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.